

Йенс Рассмус: Түнгі жануар
G&G Verlag
Аударған: Таңсұлу Рахымбаева

Орыным төсек,
Ұйқысыз сергек,
Жатыр ем жалғыз
Бір мезет,
Босағада көрінді елес,
Артынша тұрды әлдебір жануар
Қолға үйренген бе,
Жабайы емес.
Кір! деп ем,
Кірді әлгі жануар.

Имене басып жаныма келді,
Қимылсыз тұрды,
Жұп-жуас.
Аялай сипап, үстіне міндім.
Шарадай болып жанары,
Көтеріп басын,
Сәл бұрып маған қарады.
Шап! деп едім,
Шаба кетті жануар.

Терезеден сыртқа шығып,
Ағашпен төмен сырғанап,
Біраз жүріп, шаптық, желдік.
Түнек басқан жолдармен
Үлкен даңғылға келдік.
Үркіп кетті жануар.
Секір! дедім.
Секірді түнгі жануар.

Көзден ғайып болып қала,
Алдыда жатты жазира дала.
Таулардан, көгал, көлдерден
Жануар өтті мені ала.
Енді бір сәт тоқтай қалды
жағалаудың суына.
Жүз! деп едім,
Жүзді түнгі жануар.

Енді міне тастақ басқан жағалауда
Келе жаттық жай ғана.
Алдымызда тік құлама.
Айналасы ысқырған жел
Сырлы әуендей бола ма?!

*Көтеріл! деп ем,
Көтерілді жануар.*

Ай нұрына шомып әлем
Көз салып ем үстінен:
Сондай үлкен,
Сондай шағын,
Сондай алыс,
Сондай жақын,
Төңірекке қарап ем,
Дөңгелене шыр айналды.
*Ұш! дедім мен,
Ұшты түнгі жануар.*

Әуелей ұшып,
Биікке самғап,
Аспанда желмен жарыса,
Зулаған кезде,
Құшақтап алдым
Жалына күшпен жармаса.
*Самғай бер! дедім
Ол самғады.*

Енді бір сәт көрінді қайта
Үй мен ағаш,
Терезе,
Қараңғы бөлме.
Көзді ашып-жұмғанша,
Құлдиладық төменге.
Қайтып келдік.
*Ах, түнгі жануар, кетпеші,
қалшы осында! дедім мен.*

Түнгі жануар ...
Сәл сүртіп ап тұмсығын,
Көзін тігіп жүзіме.
Ойланып бір сәт
Тұрды да,
Үлкен қара жануар
Көрпе астына кірді де,
Әп-сәтте
Кішірейді де,
*Ұйықта! деді.
Ұйқыға кеттім.*